Жаңаөзен политехникалық колледжі

# 2020-2021 оқу жылына арналған «әлеуметтік- экономикалық» пәндер бірлестігінің есебі

Сканировано с CamScanner

2020-2021 оқу жылында «Әлеуметтік экономикалық» пәндер бірлестігі 12 арнайы пән оқытушыларымен жұмысын бастады. Жыл басынан КТП, ЖОБ, дәрісхана құжаттары, лабораторияның виртуалды оқу лабораториялық базаның жетілдіру бойынша көрнекілік құралдар, дисплейлік кешендер, электронды оқулықтар жасақталып, жеке әдістемелік жұмыс жоспары, ПЦК жылдық жоспары жасақталып, бекітілді. Біліктілік санатын көтеруге талаптанған оқытушылардан өтініш қабылданды.

Қазан айында курстық жоба тақырыптары, өндірістік тәжірибе бағдарламасы талқылапығ бекітуге ұсынылды. Студенттердің қыркүйек-қазан аттестациясы, топтың іс- қағаздары қорытындысы жасақталды. «Жаңа білімге замануи көзқарас» тақырыбында Турниязова Айгулдің бейнеконференциясы өтті. «Мәңгілік ел идеясы аясында: білім беру жүйесіндегі инновациялық идеялар» тақырыбында Ермуханова Раушанның семинар онлайн сабағы өтті.

Қараша айында БАҚ- на материалдар жарияланып, Ust.kz республикалық сайтында Суюндыкова Гулнар «Республикалық Блиц турнирге» онлайн қатысып, 1 орын дипломмен марапталды. Сонымен қатар, «Talap» коммерциялық емес акционарлік қоғамы оқу-тренингтік орталығында «Педагогиканың IT құзыреттіліктің дамыту және жетілдіру» тақырыбында біліктілік арттыру курсын оқып, сертификат алды.

Бисенгулова Жанар облыстық ұстаздар арасында олимпиадаға қатысып, сертификатқа ие болды. Сонымен қатар, «Кретериалды бағалаудың теориялық негіздері. Кретериалды бағалау қағидаттары. Кретериалды бағалауды жүйесінің мазмұны» халықаралық конференцияға қатысып, сетификат алды.

Эбиева Сағира «Жаңаөзен қалалық қоғамдық- саяси газетке» «Қашықтықтан оқыту тиімділігі» тақырыбында материал жариялап, сертификат алды. «Мемлекеттік рәміздерін насихаттау» тақырыбында, мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөніндегі ұлттық орталықтан біліктілігін арттыру курсын оқып шықты. «QAZAQ BILIMI» ғылыми – әдістемелік педагогикалық журналына «Үштілдік – көп тілді меңгерген тұлға қалыптастыру құралы» атты мақала жариялап, сертификат алды.

Қысқы сессия билеттерінің материалдары талқыланып, бекітуге ұсынылды. Диплом жоба тақырыптары талқыланып, диплом жетекшілерін бекітуге ұсынылды. 2019-2020 жылы диплом қорғауға қатыспаған 4

Сканировано с CamScanner

Ақпарат-17Б тобының оқушысы Жайлыханов Айдос қайта тапсыруға бұйрыққа енгізілді.

Желтоқсан айында Эбиева Сагира «Оқырмандық сауаттылық» «Кітап оқитын адам- табысты адам» атты онлайн баяндама өткізіп, педагогтың кәсіби шеберліктерін артты. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында «тарих» пәнінен курс оқып, сертификат алды.

Жоспар бойынша бекітілген желтоқсан айында әлеуметтік-экономикалық пәндер бірлестігінің апталығы өтті. «Бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі – бүгінгі сапалы білім- ертеңгі білікті маман» атты тақырыбында пәндер бірлестігінің арнайы пән оқытушылары ашық сабақтарын, семинар сабақтарын өтті. Атап айтқанда, Эбиева Сағира 2Әлеумет тобына «Ойлау және сөйлеу» тақырыбынды онлайн сабақты Padlet бағдарламасы арқылы өтті. Жарылқағанова Балқұйған 3 Шаштараз тобына «Шашты химиялық бұйралаудың әдіс тәсілдері» атты ашық сабағы, Бисенгулова Жанар «Қазақстанды цифрландыру үрдісінің қазіргі тенденцияларын білу, электрондық үкімет порталының функцияларын пайдалану» тақырыбында 1 Тора РБ тобына ашық сабағы, Суюндыкова Гулнар «Графикалық файлдардың форматтары» тақырыбында 2 Ақпарат тобына QIZZIZ бағдарламасын пайдалана отырып ашық сабағын өтті. Аяпбергенова Зауреш «Тұтас пішілген жеңді көйлек» тақырыбында ZOOM платформасы арқылы онлайн сабақ өткізді.

Желтоқсан айында студенттердің қараша- желтоқсан аттестациясы, топтың іс-қағаздарының қорытындысы жасақталды. Студенттерді қысқы сесияға дайындап, қосымша сабақтар ұйымдастырылды.

Жоспар бойынша бекітілген Жарылқағанова Балқұйған «Жаңалыққа бастаған жаңа бағдарлама» атты онлайн баяндама өткізді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай көрме ұйымдастырылды. Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған «Жыр алыбы Жамбыл» атты көрмесі ұйымдастырылып өтті.

Ақпан айында Алғыс айту күніне орай, Жарылқағанова Балқұйған «Қолөнер – сырлы өнер» атты сәндік өнер байқауын ұйымдастырып, өткізді. Сонымен қатар, 3 Шаштараз тобына «Шашты химиялық бұйралаудың әдіс тәсілдері» атты ашық сабағы өтті. Сонымен қатар наурыз айында 3 жыл 6 ай оқу жоспары бойынша «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы бойынша 11 бала дипллом қорғауға жіберілді. Дипломдық жоба қорғау

Сканировано с CamScanner

қорытындысы бойынша 10 бала қорғап шығып, 1 оқушы дипломға қатыспағаны үшін, оқудан шығарылды.

Наурыз айында цикл оқытушыларының компьютерлік сауаттылық курсынан толықтай өтті. Болатбаева Марал және Аяпбергенова Заурештің ұйымдастыруымен «Киім түрлері және талғам» атты онлайн семинар өтті.

Сәуір айында жазғы сессия билеттері бекітіліп, жасақталып, ақпан-наурыз аттестация қорытындысы талданды. Бітіруші топтармен дипломалды тәжірибеге жіберіліп, диплом жұмыстарын тексерілді.

Мамыр айында бітіруші топтардың дипломдары бекітіліп, қорғауға жіберілді. Жазғы сессия қорытындысы жасақталып, топтың іс-қағаздары реттеліп тапсырылды. Оқу жылында түсірілген видеосақ жинақтарын Бисенгулова Жанар тапсырды.

БАҚ материалдар жариялағандар

| № | Аты-жөні, тегі | Тақырыбы | БАҚ |
|---|---|---|---|
| 1 | Бисенгулова Жанар | Қашақтықтан оқытудың тиімділігі | «Жаңаөзен» қалалық қоғамдық саяси газет |
| 2 | Жарылқағанова Балқұйған | Ассиметриялық әйелдер шаш қию | Журнал |
| 3 | Эбиева Сагира | Жасөспірімдердің өзіндік бағалауының психологиялық ерекшеліктері | Журнал |
| | | Жастар өлкетануы – тарих қадам | Газет |
| | | «Үштілдік – көп тілді меңгерген тұлға қалыптастыру құралы» | «QAZAQ BILIMI» ғылыми – әдістемелік педагогикалық журнал |

Сканировано с CamScanner